

¹Омарбекова Ф.Қ.^a, ¹Қияқбаева Ұ.Қ.,^b ²Ортаев Б.Т.,^b
²Алимбекова С.Ш.^b

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТЫҚ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ 4–5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МЕТАДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Омарбекова Фарида Қызырханқызы, Қияқбаева Ұлбосын Қозыбайқызы,
 Ортаев Бақтияр Тұрсынбайұлы, Алимбекова Сабира Шереханқызы

Қазақтың ұлттық ойындары арқылы 4–5 жастағы балалардың метадағдыларын дамытудағы эмпирикалық зерттеулер

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану арқылы 4-5 жастағы балалардың метадағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі заман адамына қажетті әмбебап қабілеттерді (сыни ойлау, коммуникация, ынтымақтастық, өзін-өзі реттеу, эмоцияны басқару) мектепке дейінгі кезеңнен қалыптастыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Эмпирикалық зерттеу Алматы қаласы Білім басқармасының ҚМҚК «187 бөбекжай-балабақшасында» жүргізіліп, 40 бала қамтылды (20 бақылау тобы, 20 эксперименттік топ). Асық, Бес тас, Ханталапай сияқты ұлттық ойындарды жүйелі қолдану арқылы эксперименттік топтағы балалардың метадағдылары айтарлықтай артқаны анықталды. Ұлттық асық ойыны барысында балалардың дене сапаларының, оның ішінде: ептіліктің, жылдамдықтың, төзімділіктің, координацияның, тепе-теңдіктің де артуы қарастырылады және 4-5 жастағы балалардың дене сапалары мен метадағдыларының өзара байланысы сипатталады. Нәтижелер ұлттық ойындарды тәрбие процесіне енгізудің тиімділігін дәлелдеп, оларды оқу бағдарламасына жүйелі түрде қосу қажеттігін көрсетті.

Түйін сөздер: ұлттық ойындар, асық ойыны, метадағдылар, мектепке дейінгі тәрбие, дене сапалары.

Омарбекова Фарида Кызырхановна, Қияқбаева Ұлбосын Қозыбаевна,
 Ортаев Бақтияр Тұрсынбаевич, Алимбекова Сабира Шерехановна

Эмпирические исследования развития метанавыков у детей 4–5 лет через казахские национальные игры

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития метанавыков у детей 4–5 лет в процессе использования казахских национальных игр в дошкольных организациях. Актуальность исследования определяется необходимостью формирования универсальных способностей, востребованных у современного человека (критическое мышление, коммуникация, сотрудничество, саморегуляция, управление эмоциями) уже на дошкольном этапе. Эмпирическое исследование было проведено в КГКП «Детский сад №187» управления образования города Алматы, в нем приняли участие 40 детей (20 в контрольной и 20 в экспериментальной группах). В результате систематического использования национальных игр — таких как асық, бес тас, ханталапай — было выявлено значительное развитие метанавыков у детей экспериментальной группы. В процессе казахской национальной игры «асық» рассматривается развитие физических качеств детей, включая ловкость, быстроту, выносливость, координацию и равновесие, а также описывается взаимосвязь между физическими качествами и метанавыками у детей 4–5 лет. Результаты подтвердили эффективность внедрения национальных игр в воспитательный процесс и показали необходимость их системного включения в образовательные программы.

Ключевые слова: национальные игры, игра в асық, метанавыки, дошкольное воспитание, физические качества.

Omarbekova Farida, Kuyakbayeva, Ortayev Bakhtiyar, Alimbekova Sabira

Empirical Research on the Development of Metaskills in 4–5-year-old Children through Kazakh National Games

Abstract. The article examines the development of metaskills in children aged 4–5 through the use of Kazakh national games in preschool institutions. The relevance of the study is determined by the need to form universal abilities essential for modern individuals (critical thinking, communication, collaboration, self-regulation, and emotional control) starting from the preschool stage. The empirical research was conducted at KME “Kindergarten No. 187” under the Department of Education of Almaty, involving 40 children (20 in the control group and 20 in the experimental group). As a result of the systematic use of national games such as Asyk, Bes tas, and Khantalaipay, a significant improvement in metaskills was observed among the children in the experimental group. During the Kazakh national game Asyk, the development of children’s physical qualities – including agility, speed, endurance, coordination, and balance — is examined, and the interrelation between physical qualities and metaskills in children aged 4–5 is described. The results confirmed the effectiveness of integrating national games into the educational process and demonstrated the necessity of systematically incorporating them into preschool curricula.

Key words: national games, asyk game, metaskills, preschool education, physical qualities.

Кіріспе. Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнында балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету басты міндет ретінде қарастырылуда. Бұл ретте баланың функционалдық сауаттылығы мен өмірлік құзыреттерін ерте жастан қалыптастыру маңызды. ХХІ ғасыр талап ететін әмбебап қабілеттер жиынтығы ғылыми еңбектерде метадағдылар (soft skills) деп анықталады.

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық дамуының ең қарқынды уақыты. Л.С. Выготский [1] баланың қиялы мен өзін-өзі реттеу қабілеті ойында қалыптасатынын атап өтсе, Д.Б. Эльконин [2] ойынды мектепке дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті деп сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда ойын когнитивтік және әлеуметтік дағдыларды дамытудың басты құралы болып табылады.

Метадағдыларды дамыту мәселесіне шетелдік зерттеушілер де назар аударған. Дж. Хекман [3] когнитивтік біліммен қатар әлеуметтік-эмоциялық қабілеттердің еңбек нарығында табысқа жетудегі маңызын дәлелдесе, Д. Гоулман [4] эмоционалды интеллектіні тұлғаның жетістігінің негізгі факторы ретінде қарастырған.

Метадағдылар (soft skills, transferable skills) – түрлі контексте қолданылатын әмбебап қабілеттер шоғыры; олар пәндік білімнен тыс, адамның оқу, еңбек және әлеуметтік ортада тиімді әрекетіне негіз болады. Заманауи білім беру бойынша зерттеулерде метадағдылар, негізінен, үш үлкен топқа бөлінеді: когнитивтік (сыни ойлау, шығармашылықпен шешім қабылдау), әлеуметтік-эмоциялық (коммуникация, ынтымақтастық, эмпатия) және өзін-өзі басқару (мақсат қою, табандылық, өзін-өзі реттеу) [5, 6]. Педагогикада бұл дағдылар «трансферлік» сипатымен ерекшеленеді: бір ортада қалыптасқан қабілет екінші ортаға тасымалданып, жаңа міндеттерді шешуге жарайды [7].

Экономика және даму психологиясы тұрғысынан ерте жаста қалыптасқан әлеуметтік-эмоциялық қабілеттер кейінгі табыстылықты айқындайды. Мәселен, эмпирикалық деректер ерте жастағы «жұмсақ» дағдылардың кейінгі оқу мен еңбек өнімділігін, тіпті әлеуметтік мінез-құлықты алдын ала болжауға болатынын көрсетеді [8]. Демек, метадағдыларды 4-5 жаста мақсатты қалыптастыру – ұзақмерзімді нәтижеге бағытталған жұмыс жасаудың ең тиімді кезеңдерінің бірі.

Мектепке дейінгі шақта ойын – жетекші іс-әрекет, ол баланың қиялын, өзін-өзі реттеуін және әлеуметтік рөлдерді игеруін қамтамасыз етеді [1, б. 56; 2, б. 102]. Дәл ойын кеңістігінде бала келісу,

кезек күту, ережені сақтау, эмоцияны басқару сияқты метадағдыларды табиғи жағдайда «сынап көреді».

Мектепке дейінгі ұйымдарда эмоцияны тану-басқару, қарым-қатынас, бірлескен әрекетке бағытталған бағдарламалар оқу жетістігі мен өзін-өзі бағалауды жақсартатыны дәлелденген [9]. Эмоционалды интеллект тұжырымында да баланың эмоциясын реттеуі, өз күйін түсінуі әрі басқаларға эмпатия танытуы оның кейінгі табыстылығына тікелей әсер ететіні көрсетілген [4, б. 118.]. Бұл нәтижелер метадағдыларды ерте жастан қалыптастырудың мәнін күшейтеді.

Стратегиялық құжаттар (OECD Learning Compass) метадағдыларды білім беру нәтижелерінің өзегі ретінде белгілейді, яғни оқу мазмұны тек білім фактілерін емес, әрекет тәсілдерін (critical thinking, collaboration, self-regulation) жүйелі қалыптастыруы тиіс екендігін көрсетеді [5, б. 23; 6, б. 23]. М. Фуллан ұсынған «Deep Learning» шеңбері де мектепке дейінгі ұйымдар үшін қолданбалы: балада «коммуникация–ынтымақтастық–сыни ойлау–мінез-құлық мәдениеті» төрттігін ойын арқылы қалыптастыру ұсынылады [6, б. 112].

Метадағдылар – ерте балалық шақта табиғи түрде ойын арқылы қаланатын құзыреттер. Л. Выготский мен Д. Эльконин сипаттаған ойындық орта баланың «жақын арадағы даму аймағын» іске қосып, әлеуметтік ережелерді ішкі реттеуге айналдырады; ал халықаралық және отандық зерттеулер бұл дағдылардың кейінгі білім алу мен әлеуметтенудегі ұзақмерзімді тиімділігін дәлелдейді [1, б. 56; 9, б. 407; 8, б. 1901]. Сондықтан ұлттық ойындарды мектепке дейінгі бағдарламаларға жүйелі кіріктіру – метадағдыларды дамытудың ғылыми негізделген жолы.

Қазақ ғалымдары да мектепке дейінгі жастағы балалардың даму ерекшеліктерін ұлттық педагогика негізінде қарастырудың маңыздылығын атап өтеді. Мәселен, А. Айтпаева ұлттық ойындардың тәрбиелік әлеуетін аша отырып, олардың мектепке дейінгі балалардың қимыл-қозғалысын, ойлауын, ұжымдық әрекетке бейімділігін дамытудағы маңызын көрсеткен [10].

3. Әбдіразақова мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындарды жүйелі қолдану арқылы балалардың сөйлеу, қарым-қатынас және танымдық дағдыларын жетілдіруге болатынын дәлелдейді [11].

Р. Ержанова да өзінің еңбегінде ұлттық ойындарды мектепке дейінгі тәрбие мазмұнына енгізу балалардың белсенділігін арттырып,

метадағдылардың қалыптасуына әсер ететінін тәжірибелік тұрғыда көрсеткен [12].

Ал Ш. Әбеуова қазақтың дәстүрлі ойындарының эстетикалық, эмоциялық және әлеуметтік даму арналарын айқындап, олардың мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелік қызметін атап өтеді [13].

Ұлттық ойындар, оның ішінде Асық, Бес тас, Ханталапай және т.б. осы тұрғыдан мәдени мағыналы, әлеуметтік ережесі айқын, балалардың өзара әрекетіне негізделген тәжірибені ұсынады; сондықтан олар метадағдыларды дамытудың психологиялық-педагогикалық тиімді құралы болып саналады [14].

Ұлттық ойындар – тек дидактикалық құрал ғана емес, олар мәдени код пен құндылықтарды жеткізетін орта. Ойындар арқылы бала әділдік, өзара сыйластық, жауапкершілік сияқты құндылықтарға тәжірибе арқылы үйренеді [15]. Халықаралық деңгейде де дәстүрлі мәдени элементтерді оқыту процесіне енгізу тұлғаның құндылықтық бағдарын бекітудің маңызды стратегиясы ретінде қарастырылады [16].

Қазақстандық педагогика ғылымында мектепке дейінгі балалардың тәрбиесі мен дамуын ұлттық ойындар арқылы жүзеге асыру мәселесі кеңінен қарастырылып келеді. Жүргізілген зерттеу еңбектерінде ұлттық ойындардың баланың когнитивтік, әлеуметтік-эмоциялық және қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамытудағы маңызы жан-жақты ашылады. Олардың төмендегідей бағытта жүргізілгендігін көруге болады.

Ұлттық ойындардың мектепке дейінгі тәрбиедегі орны. А. Айтпаева ұлттық ойындардың тәрбиелік мүмкіндіктерін зерттей келе, олардың мектепке дейінгі балалардың қимыл белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау және қиялдау қабілеттерін дамытатынын атап өтеді. Ғалымның пікірінше, «асық, ақсерек–көксерек, бес тас» сияқты ойындар балаға дәлдік, зейінділік, шапшаңдықты дарытады [10, б. 145]. Бұл ойындар арқылы бала қоршаған ортаны таниды, қарапайым заңдылықтарды түсінеді және әлеуметтік ережелерді игереді.

З. Әбдіразақова мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесіне ұлттық ойындарды кіріктіру жолдарын қарастырып, олардың балада қарым-қатынас мәдениетін, бірлескен әрекетке бейімділікті және эмоцияны басқару қабілетін жетілдіретінін атап өтеді [11, б. 72]. Зерттеуші, әсіресе, топтық ойындар барысында балалардың өзара түсінісуі, келісімге келуі, кезегін күтуі сияқты мінез-құлықтық элементтердің метадағдылардың қалыптасуына тікелей әсер ететінін дәлелдейді.

Р. Ержанованың эмпирикалық зерттеу нәтижелері де бұл тұжырымды қуаттайды. Ол ұлттық ойындарды мектепке дейінгі білім мазмұнына енгізу арқылы балалардың зейін тұрақтылығы, есте сақтау қабілеті және ынтымақтастық деңгейінің жоғарылағанын анықтаған [12, б. 56]. Бұл деректер ұлттық ойындардың танымдық және әлеуметтік метадағдыларды дамытудағы маңызды педагогикалық құрал екенін көрсетеді.

Ш. Әбеуова ұлттық ойындардың тәрбиелік ықпалын зерттеп, олардың балалардың эстетикалық талғамын, эмоциялық мәдениетін және адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызын айқындайды [13, б. 27]. Мысалы, «алтыбақан», «хан талапай» сияқты ойындар балалардың көңіл күйін реттеу, сезімін бөлісу және ұжымдық әрекетке бейімделу дағдыларын дамытады.

Ұлттық ойындар мен метадағдылар арасындағы өзара байланыс мәселесін С. Қалиев этнопедагогикалық тұрғыдан қарастырып, олардың баланың ақыл-ойын, дене күшін және мінез-құлқын жетілдірудегі орнын айқындаған [14, б. 224]. Бұл көзқарас қазіргі метадағдылар теориясымен үйлеседі, өйткені қазіргі педагогикада баланың табысты дамуы үшін тек академиялық білім емес, сонымен бірге әлеуметтік, эмоциялық және өзін-өзі басқару қабілеттері де маңызды деп танылады.

Ә. Табылдиев ұлттық ойындарды халықтық тәрбиенің негізгі элементі ретінде сипаттап, олардың баланың қимыл-қозғалыс белсенділігін және ойлау қабілетін жетілдіретінін атап өтеді [17]. Ал Ә. Нысанбаев ұлттық құндылықтарды тұлғаның мәдени сәйкестігін қалыптастырудың іргетасы ретінде қарастырады [15, б. 88].

Жалпы, қазақстандық ғалымдардың еңбектері ұлттық ойындардың мектепке дейінгі жастағы балалардың сыни тұрғыдан ойлауын, коммуникациясын, ынтымақтастығын және өзін-өзі реттеуін дамытуда ерекше рөл атқаратынын дәлелдейді. Бұл метадағдылар баланың кейінгі мектептегі үлгеріміне, әлеуметтік бейімделуіне және тұлғалық жетілуіне айтарлықтай ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға асық ойындарын үйрету бойынша авторлық бағдарламадаға келтірілген тақырыптар мен оның мақсатына сәйкес балаларды қалыптастырылатын дене сапалары (қасиеттері атап көрсетілген), олар [18]: төзімділік, ептілік, координация, жылдамдық, тепе-теңдік. Асық ойыны мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылатын болғандықтан, оның басты педагогикалық міндеттерінің бірі –

балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін жүйелі түрде қалыптастыру және жетілдіру болып табылады. Баланың жан-жақты дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде негізгі қимыл түрлеріне жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу сияқты қозғалыстар жатады. Мұндай әрекеттер арқылы бала қоршаған ортамен белсенді байланыс орнатып, кеңістікте бағдарлау, тепе-теңдікті сақтау, қозғалысты мақсатқа сай бағыттау қабілеттерін дамытады.

Қимылдық әрекеттерді үйрету үдерісінде балаларға мақсатты қозғалыс жасау, қажет жағдайда қозғалысты тежеу немесе өзгерту, жағдайға бейімделе білу сияқты маңызды дағдылар меңгертіледі. Бұл үдеріс тек физиологиялық дамуға ғана емес, сонымен қатар тұлғаның психологиялық және әлеуметтік жетілуіне де ықпал етеді.

Ойын элементтері, гимнастикалық жаттығулар және еңбек әрекеттері барысында балада кеңістікті бағдарлау, ептілік, шапшаңдық, дәлдік сияқты қасиеттермен қатар, ұжымдық әрекеттестік пен өзара қарым-қатынас мәдениеті де қалыптасады [19]. Осы тұрғыдан алғанда, мектепке дейінгі жастағы балалардың қозғалыс белсенділігін дамыту – дене сапаларын (икемділік, шапшаңдық, күш, төзімділік және ептілік) қалыптастырудың негізі болып саналады. 4-5 жастағы балалардың дене сапалары (қасиеттері) мен оларда қалыптастырылатын метадағдылар өзара байланысты болып келеді.

Жүргізілген зерттеулер мен жазылған ғылыми еңбектер ұлттық ойындардың мектепке дейінгі жастағы балалардың когнитивтік қабілеттерін, қарым-қатынасын, эмоцияны басқаруын, өзін-өзі реттеуін дамытудағы және дене қасиеттерін қалыптастырудағы тиімді құрал екенін дәлелдейді.

Зерттеу мақсаты – қазақтың ұлттық ойындарын (асық, бес тас, ханталапай және т.б.) мектепке дейінгі білім беру процесіне енгізудің психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындап, олардың 4-5 жастағы балалардың метадағдыларын дамытудағы тиімділігін тәжірибелік тұрғыда дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Метадағдылар ұғымының ғылыми негіздерін ашу және оның мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуына ықпалын талдау;

2. Ұлттық ойындардың (әсіресе асық ойынының) тәрбиелік және дамытушылық ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан айқындау;

3. 4-5 жастағы балалардың метадағдыларын қалыптастыруға бағытталған эмпирикалық зерттеу жүргізу;

4. 4-5 жастағы балалардың асық ойыны барысында қалыптастырылатын дене сапалары мен метадағдылар арасындағы байланысты айықтау;

5. Эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдау және ұлттық ойындарды мектепке дейінгі білім беру бағдарламасына енгізудің әдістемелік ұсыныстарын ұсыну.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы эмпирикалық сипатқа ие болуы себепті ұлттық ойындардың (әсіресе асық ойынының) мектепке дейінгі жастағы балалардың метадағдыларын дамытуға ықпалын тікелей тәжірибе барысында тексеруге бағытталады.

Зерттеу 2024 жылы Алматы қаласы Білім басқармасының КМҚК «187 бөбекжай-балабақшасында» жүргізілді. Қатысушылар – барлығы 40 бала (4–5 жас аралығы).

– Эксперименттік топ – 20 бала (ұлттық ойындар жүйелі енгізілді).

– Бақылау тобы – 20 бала (дәстүрлі әдістермен оқытылды).

4-5 жастағы балаларға арналған асық ойындарының бағдарламалық мазмұны олардың қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, келесі негізгі дене сапаларының дамуына ықпал етеді:

– ептілік – дәл тигізу, көздеу, кол мен көз координациясын жетілдіру арқылы қалыптасады («Тәйке», «Омпы», «Асықты тігіп ойнау»);

– жылдамдық – шапшаң қозғалу мен реакция жылдамдығы ойын барысында дамиды («Құмар», «Үш табан», «Ханталапай»);

– төзімділік – белсенді ойын ұзақтығы мен қайталау жиілігі арқылы нығаяды («Асық ойынының пайдасы», «Ханталапай»);

– координация – қозғалыстардың үйлесімді орындалуы мен топтық әрекеттер арқылы жетіледі («Шіге», «Бүге», «Шенбер»).

– тепе-теңдік – статикалық және динамикалық тұрақтылықты сақтау қабілеті артады («Алшы», «Қақпақыл», «Хан алшы»).

Зерттеу кезеңдері

1. Диагностикалық кезең – балалардың бастапқы деңгейін анықтау үшін педагогикалық бақылау, сауалнама және арнайы диагностикалық тапсырмалар қолданылды.

2. Эксперименттік кезең – бір ай бойы ұлттық ойындар (Асық, Бес тас, Ханталапай, Ақсерек-Көксерек) ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінен тыс және ұйымдастырылатын оқу іс-әрекеті барысында жүйелі жүргізілді.

3. Қорытынды кезең – соңғы диагностикалық өлшемдер жүргізіліп, бақылау және эксперименттік топ нәтижелері салыстырылды.

Зерттеу барысында төмендегідей әдістер жүзеге асырылды:

1. Педагогикалық бақылау – балалардың ойын барысындағы мінез-құлқы, қарым-қатынасы және ережелерді сақтауы талданды.

2. Сауалнама – ата-аналар мен тәрбиешілерге балалардың әлеуметтік мінез-құлқындағы өзгерістерді бағалау үшін жүргізілді.

3. Диагностикалық тапсырмалар – зейіннің тұрақтылығы, есте сақтау қабілеті, коммуникация және ынтымақтастық деңгейін анықтауға бағытталды.

4. Ойындық эксперимент – асық ойынының әртүрлі түрлері, бес тас, ханталапай ойындары жүргізіліп, олардың метадағдыларға әсері бағаланды.

Бағалау көрсеткіштері:

1. Сыни тұрғыдан ойлау – ойын барысында стратегия құру, логикалық шешім қабылдау.

2. Коммуникация – құрдастарымен диалогқа түсу, келіссөз жүргізу.

3. Ынтымақтастық – топпен әрекет ету, ережелерді сақтай отырып ортақ нәтижеге жету.

4. Эмоцияны басқару – жеңілісті қабылдау, өз сезімін ұстай білу.

Нәтижелер. Теориялық оқу материалдарын және практиканы зерделеу барысында ұлттық ойын түрі асық ойнаудың технологиясы анықталды. Ал, мектепке дейінгі мекеме жағдайында асық ойынын қолдану белгілі бір технологияға негізделеді. Бұл технология педагогикалық тұрғыдан жүйеленген әдіс-тәсілдерді қамтиды және бірнеше кезеңнен тұрады, олардың реті төмендегідей.

1. Дайындық кезеңі

Материалды әзірлеу. Ойынға қажетті сақа мен асықтар алдын ала дайындалады. Сақа ретінде жылқының асығы пайдаланылғаны дұрыс, себебі ол ірі әрі салмақты [14, б. 115]. Жалпы асық ойынында сақа үшін қошқардың асығы қолданылады. Ойын барысында осы мәселе де ескерілуі тиіс, яғни ыңғайлы сақа асығы алынады.

Ойын алаңы. Жерге немесе бөлме ішіндегі тегіс еденге диаметрі шамамен 1-1,5 м болатын шеңбер сызылады [13, б. 27].

Ойыншыларды топтау. Қатысушылар саны мен жыныстық ерекшелігі ескеріледі. Көбінесе 4-6 бала ойнағаны ыңғайлы.

2. Негізгі кезең

Ойынның технологиясы таңдалған түріне байланысты өзгереді:

«Омпа» ойынында асықтар шеңбердің ортасына тігіледі. Балалар кезекпен сақа лақтырып, шеңберден асық шығаруға тырысады. Шыққан асық атқан ойыншыға тиесілі болады. Бұл жерде басты талап – дәлдік пен стратегия құру [20].

«Ханталапайда» асықтар шашылып, «хан» белгіленеді. Белгі берілгенде ойыншылар асықтарды жинай бастайды, ал «хан» ортадағы асықты көтеріп, «хан талапай!» дегенде бәрі асықтарын тастайды. Бұл әдіс жылдамдық пен топтық әрекетті дамытады [10, б. 102].

«Алшыда» балалар асықты уыстап шашып, «алшы» түскендерін жинайды. Ең көп асық жинаған жеңімпаз болады [21].

3. Қорытынды кезең

Ойын соңында жиналған асықтар саналып, жеңімпаз анықталады. Тәрбиеші немесе жүргізуші балалардың тәртібін талдап, ережені сақтау деңгейін бағалайды. Бұл кезеңде ойын тек қана жарыс емес, сонымен бірге рефлексия құралы ретінде қолданылады [22].

Төмендегідей әдістемелік ерекшеліктерді атап көрсетуге болады:

– асық ойыны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің сергіту сәтінде, дене шынықтыру барысында қолданылады;

– ойын технологиясын дұрыс ұйымдастыру үшін тәрбиеші алдымен балаларға ережені нақты түсіндіріп, оны тәжірибе жүзінде көрсеткені жөн [16, р. 59];

– ойын барысында балаларды тек жеңіске емес, әділдікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу көзделеді [12, б. 77].

Ойын технологиясының педагогикалық тиімділігі.

Асық ойынын технологиялық тұрғыда дұрыс ұйымдастыру төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

– баланың қозғалыс дағдыларын жетілдіреді;

– логикалық ойлауын дамытады;

– ережені сақтауға, өзін-өзі реттеуге үйретеді;

– әлеуметтік қарым-қатынасын кеңейтеді [23].

Асық ойынының технологиясы – оның дәстүрлі мазмұнын сақтай отырып, заманауи білім беру жүйесіне бейімделген әдістемелік жүйе. Ойынның дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдерін нақты жоспарлау арқылы балалардың танымдық белсенділігін, қимыл дағдыларын және метадағдыларын дамытуға болады.

Метадағдыларды дамытудың әдістемесі мектепке дейінгі жастағы балаларға бейімделген мынадай бағыттарды қамтиды:

1. Сыни ойлауды дамыту әдістері

– «Сұрақ-жауап» ойыны;

– Баланың әрекеттерін талдауға, шешім қабылдауға итермелейтін тапсырмалар;

– Ұлттық ойындардағы (мысалы, асық ойыны) тактикалық шешімдерді талқылау.

2. Коммуникацияны дамыту әдістері

– Диалог құруға арналған рөлдік ойындар;

– Топтық тапсырмалар барысында пікір алмасу;

– Ұжымдық ұлттық ойындар (хан талапай, алтыбақан) арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

3. Ынтымақтастықты қалыптастыру әдістері

– Топтық тапсырмаларда бірлескен мақсат қою;

– Ұжымдық ойындарда өзара көмекті ынталандыру;

– «Бірлік арқылы жеңіс» қағидатын тәжірибеде көрсету.

4. Эмоцияны басқару әдістері

– Эмоцияны тану және оны сөзбен жеткізу жаттығулары;

– Ұтылыс пен жеңісті дұрыс қабылдауға үйрететін ұлттық ойындар (мысалы, асық ойнау барысында «адалдық» ережесін сақтау);

– Релаксациялық қысқа ойындар.

5. Креативтілікті дамыту әдістері

– Дәстүрлі ұлттық ойындарды түрлендіру;

– Баланың жаңа ойын ережесін ойлап табуына мүмкіндік беру;

– Ойын барысында шығармашылық тапсырмаларды енгізу.

Метадағдыларды дамыту әдістемесі оқыту әдістері, әдістемелік тәсілдер және ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Оның ішінде:

– сөздік әдістер (әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, т.б.);

– көрнекілік әдістер (суреттер, бейнематериалдар, иллюстрациялар, демонстрация);

– практикалық әдістер (ойын, жаттығу, еңбек әрекеттері, тәжірибе жасау).

Сөздік әдіс – оқыту барысында кеңінен қолданылатын әдістердің бірі. Бұл әдіс бірнеше әдістемелік тәсілдер аясында жүзеге асырылады:

- ұйымдастырушылық тәсілдер: ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетіне дайындықты тексеру, балаларды жеке немесе топтық жұмысқа бөлу, ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінің өту барысы мен кезеңдері туралы түсіндіру, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беру, сондай-ақ жеке немесе топтық тапсырмаларды белгілеу;

- техникалық тәсілдер: балаларды ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетіне байланысты

орындарға жайғастыру, тәрбиешінің нұсқаулары арқылы жеке әрекеттердің дұрыстығын бақылау;

– логикалық тәсілдер: ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінің тақырыбы мен оқу маңызын хабарлау, мақсат қою немесе мәселе қою, алдыңғы мәліметтерді еске түсіру, жаңа материалды, ойын туралы баяндау, суреттерді талдау, технологиялық әрекеттер реттілігін қарастыру, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің қорытындысын шығару.

Көрнекілік және практикалық әдістер де осындай ұйымдастырушылық, техникалық және логикалық тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, тәрбиешілер үшін асық ойынына арналған ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінің үлгілерінің дайындалуы күтілетін нәтижені жобалаудан шығады. Соған сәйкес әзірленген ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінің ықшам сценарийін (мысал – 20-25 мин) көрсетуге болады.

Тақырыбы: «Асық ойыны арқылы зейін мен есте сақтауды дамыту»

Ұзақтығы: 20–25 минут

Мақсаты:

– балалардың ұлттық ойын арқылы ойлау қабілеті мен зейінін дамыту;

– ұжымдық әрекетке бейімдеу, эмоционалдық реттеу дағдыларын қалыптастыру;

– ұлттық мәдени мұраға қызығушылық пен құрмет сезімін арттыру.

Көрнекіліктер мен құралдар: асықтар (әртүрлі түсті), белгіленген ойын алаңы, бақылау парақтары.

Ұйымдастырылатын оқу іс-әрекеті барысы

I. Кіріспе бөлім (2–3 минут).

– Тәрбиеші балаларға асықтың ұлттық ойын ретіндегі мәнін қысқаша түсіндіреді.

– Қауіпсіздік ережелері еске салынады (асықты қатты лақтырмау, бір-біріне тигізбеу, ойын алаңынан шықпау).

– Балалардың көңіл-күйін көтеру үшін шағын сергіту сәті ұйымдастырылады.

II. Ұйымдастырылған жаттығу (5–7 минут).

Зейінді дамыту ойыны «Қызыл асықты тап»: балалардың алдына бірнеше түсті асық қойылады, тәрбиеші фондық кедергілер енгізіп (қимыл немесе қысқа дыбыстық сигнал), балалардан қызыл асықты тез табуды сұрайды.

Жаттығу 2–3 рет қайталанып, балалардың реакция жылдамдығы мен зейіні бақыланады.

III. Негізгі ойын бөлімі (8–10 минут)

Есте сақтау және логикалық тапсырма: 4 асық белгілі бір реттілікпен қойылады. Балаларға 10 секунд бақылауға беріледі. Кейін асықтар ара-

ластырылып, балалардан бастапқы реттілікті қайталауы сұралады.

Қосымша тапсырма: «Қайсысы артық?» – бірнеше асық арасынан түсі, көлемі немесе орналасуы бойынша ерекшеленетінін табу.

Балалардың логикалық ойлауы мен есте сақтау қабілеті топтық және жеке тапсырмалар арқылы бағаланады.

IV. Топтық жұмыс (5 минут)

Балалар асықтарды бірге жинайды, жеңімпаздар ұжым алдында мадақталады.

Тәрбиеші эмоционалды реттеу жаттығуын жүргізеді (жеңген және жеңілген балаларға жағымды сөздер айту, «бәріміз біргеміз» ұстанымын қалыптастыру).

Қысқа рефлексия: балалардан қандай тапсырма ұнағанын, не қиын болғанын сұрау.

V. Қорытынды бөлім (1–2 минут)

Бақылау парағына әр баланың белсенділігі, зейіні мен есте сақтау деңгейі белгіленеді.

Үй тапсырмасы: ата-анамен бірге асық жинау немесе шағын отбасылық ойын ұйымдастыру.

Күтілетін нәтижелер:

– балалардың зейіні, есте сақтауы және ойлау қабілеті дамиды;

– ұжымдық әрекетте бір-біріне көмектесу, достық қарым-қатынас орнату дағдылары нығаяды;

– ұлттық ойынға деген қызығушылық артады.

Бағалау: формативті (бақылау, қолдау, мадақтау).

Зерттеу барысында 4–5 жастағы балалардың метадағдыларының даму деңгейі экспериментке дейін және кейін анықталып, салыстырмалы талдау жасалды. Алынған нәтижелер төмендегі 1-кестеде және 1-суретте көрсетілген.

1 кесте – Эксперименттік және бақылау топтарының метадағдылар көрсеткіштері (%), (авторлар эксперименттік деректер негізінде құрастырған)

Метадағды түрі	Экспериментке дейін (эксперименттік топ)	Эксперименттен кейін (эксперименттік топ)	Эксперименттік топ (өзгеріс)	Бақылау тобы (өзгеріс)
Сыни тұрғыдан ойлау	36 %	64 %	+28 %	+6 %
Коммуникация	42 %	71 %	+29 %	+7 %
Ынтымақтастық	39 %	69 %	+30 %	+5 %
Эмоцияны басқару	33 %	61 %	+28 %	+4 %

1 сурет – Метадағдылардың даму динамикасы (эксперименттік және бақылау топтары), (авторлар эксперименттік деректер негізінде құрастырған)

1-сурет бойынша диаграммада эксперименттік топтағы балалардың көрсеткіштері айтарлықтай артқаны, ал бақылау тобында өзгеріс шамалы болғаны бейнеленді.

Нәтижелерді сипаттау. Жүргізілген зерттеуге сәйкес әрбір метадағды нәтижелері бойынша төмендегідей сипаттама беруге және олардың жүргізілген зерттеулермен сабақтастығын мазмұндауға болады.

1. Сыни тұрғыдан ойлау. Эксперименттік топтағы балаларда ойын барысында логикалық шешім қабылдау, тактиканы ойластыру қабілеті едәуір артты. Бақылау тобында бұл қабілеттер айтарлықтай өзгерген жоқ. Бұл дерек М. Фулланның «Deep Learning» тұжырымдамасындағы сыни ойлау қабілетінің тәжірибелік мәнін растайды [6, б. 57].

2. Коммуникация. Эксперименттік топтағы балалар құрдастарымен белсенді қарым-қатынас

орнатып, ойын барысында келіссөз жүргізе алды. Бұл өзгерістер Дж.А. Дурлак және Р.П. Вайсбергтің әлеуметтік-эмоциялық оқыту тиімділігіне қатысты зерттеу нәтижелерімен үндеседі [9, б. 407].

3. Ынтымақтастық. Топпен әрекет ету дағдысы, бір-біріне көмек көрсету деңгейі артты. Бұл Г. Нұриеваның ұлттық ойындардың әлеуметтік дағдыларды дамытудағы маңызын дәлелдеген эмпирикалық зерттеулерін қуаттайды [21, б. 47].

4. Эмоцияны басқару. Жеңіліс жағдайында өзін ұстай білу, ашуға берілмеу қабілеттері эксперименттік топта айтарлықтай жақсарды. Бұл Д. Гоулманның эмоционалды интеллект теориясымен сәйкес келеді [4, б. 118].

Жүргізілген зерттеулерге байланысты балалардың қалыптастырылатын дене сапалары мен метадағдылары байланысы анықталды (кесте 2).

2 кесте – 4-5 жастағы балалардың дене сапалары мен метадағдыларының өзара байланысы (авторлар эксперименттік деректер негізінде құрастырған)

№	Дене сапа-лары	Анықтамасы мен көрінісі	Қалыптаса-тын мета-дағдылар	Байланыс сипаты
1	Ептілік (дәл тигізу, бағытты бақылау)	Баланың қозғалысты дәл үйлестіріп, көз-қол координациясын дамыту қабілеті	Сыни тұрғыдан ойлау	Ептілік ойын кезінде бала дәл бағыт таңдау, нәтиже болжау арқылы ойлау стратегиясын жетілдіреді. Бұл когнитивтік икем мен логикалық талдауды дамытады.
2	Жылдамдық (қимыл әрекетінің шапшаңдығы)	Белгілі бір әрекетті қысқа мерзімде орындау	Коммуникация	Жылдамдық ойын барысында серіктестермен тез әрекеттесуді талап етеді, бұл балалардың тілдік және вербалды емес қарым-қатынасын дамытады.
3	Төзімділік (ойын ұзақтығына бейімделу)	Ұзақ уақыт бойы белсенді әрекетті жалғастыру қабілеті	Эмоцияны басқару	Төзімділік денесі ғана емес, психологиялық тұрақтылықты да қалыптастырады. Бала жеңілу мен жеңіс сәттерін қабылдауды, эмоцияны реттеуді үйренеді.
4	Координация (қимыл үйлесімділігі)	Бірнеше қозғалыс элементін үйлестіру қабілеті	Ынтымақ-тастық	Командалық немесе жұптық ойындарда қимыл үйлесімі ортақ әрекеттің тиімділігін арттырады, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады.
5	Тепе-теңдік (қозғалыс кезінде тұрақтылықты сақтау)	Қозғалыс барысында дене қалпын сақтау	Эмоцияны басқару және өзін-өзі реттеу	Тепе-теңдік жаттығулары ішкі тұрақтылық пен өзіндік бақылау-ды нығайтады. Бұл эмоциялық реттеу мен сенімділіктің дамуына ықпал етеді.

Кестедегі көрсетілген дене сапаларының қалыптастырылуы қимыл-қозғалыстың көптеген түрімен жүзеге асырылатынын көруге болады, оның ішінде: саусақты, білезікті, шынтақты, иықты және дене қозғалыстары мен кешенді қозғалыстарды айтуға болады.

Талқылау. Жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері қазақтың ұлттық ойындарын жүйелі қолдану 4–5 жастағы балалардың метадағдыларын дамытуда жоғары тиімділікке ие екенін көрсетті. Әсіресе, асық, бес тас, хантаппай сияқты ойындар балалардың сыни ойлауын, қарым-қатынасын, ынтымақтастығын және эмоцияны басқаруын дамытуға оң әсер етті.

4-5 жастағы балалардың метадағдыларын дамытуға арналған эмпирикалық зерттеуге сәйкес метадағдылар бойынша анықталған нәтижеге қол жеткізген қорытынды кезеңдегі әрекеттердің кейбірін атап көрсетуге болады.

Сын тұрғысынан ойлау. Балаларға асықтарды белгілі бір тәртіппен (мысалы: «2 қызыл, 1 көк, 3 сары») орналастыру тапсырмасы берілді. Тапсырмаларды орындау нәтижесінде логикалық ережелерді дұрыс қолдану және өз ойларын дәлелді айту деңгейі тексерілді және балалардың әрекеттерінің көрсеткіштері алдыңғы нәтижемен салыстырғанда жоғары болды.

Коммуникация. «Асық ату» немесе «Ханталапай» ойынын ойнағаннан кейін балалардан ойын

барысы туралы қысқаша әңгімелеу сұралды. Бұл олардың өз ойын жүйелі жеткізе білу, өзгелерді тыңдау қабілетін анықтауға мүмкіндік берді.

Ынтымақтастық. Балаларға топпен бірлесіп асықтарды түстері бойынша реттеу немесе белгілі бір фигура құрастыру тапсырмасы берілді. Мұнда әр баланың топтағы рөлі, серіктесіне қолдау көрсетуі, бірлесе әрекет ету деңгейі бағаланды.

Эмоцияны басқару. Балаларға қысқа уақыт ішінде берілген ережені есте сақтап, асықтарды дәл сол ретпен орналастыру тапсырмасы берілді. Сонымен қатар, жеңілген жағдайда эмоцияны ұстай білуі және ойынды аяқтағанға дейін зейінді тұрақты ұстауы бағаланды.

Әрбір метадағды бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерінің жоғары болуы оқыту әдістері мен әдістемелік тәсілдерді дұрыс жүзеге асырумен байланысты екендігі анықталды. Сонымен қатар, 4-5 жастағы балалардың метадағдыларын дамытуға арналған эмпирикалық зерттеу барысындағы нәтижелер бастапқы кезеңдегі диагностика әдістерін, аралық кезеңдегі дамыту әдістерін және қорытынды кезеңдегі нәтижелерді анықтау әдістерін дұрыс жүзеге асыруға байланысты екендігін көруге болады.

Алынған деректер бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың метадағдылар бойынша көрсеткіштерінің жақсарғандығын көруге болады, атап айтқанда:

– сыни тұрғыдан ойлау бойынша эксперимент барысында балалардың логикалық шешім қабылдау қабілеті;

– коммуникация дағдылары бойынша эксперименттік топтағы балалардың бір-бірімен диалогқа түсу, келіссөз жүргізу, ойын ережесін түсіндіру қабілеттері;

– ынтымақтастық бойынша ұлттық ойындар барысында балалардың бірлесіп әрекет етуі, ортақ шешім қабылдауы;

– эмоцияны басқару бойынша жүргізілген зерттеу жұмысындағы ойын, оның ішінде ұлттық барысында балалардың жеңілісті қабылдау, өзін ұстай білу, ашуға берілмеу қабілеттері айтарлықтай жақсарды.

Сонымен қатар, ұлттық ойындарды пайдалану барысында байқалған тағы бір маңызды фактор – ұлттық құндылықтарға құрмет сезімінің қалыптасуы. Бұл Ә.Нысанбаевтың ұлттық құндылықтар тұлға тәрбиесінде негізгі рөл атқарады деген тұжырымын қуаттайды [15, б. 88].

Жалпы алғанда, біздің зерттеу нәтижелері халықаралық ұйымдардың стратегиялық құжаттарымен де сәйкес келеді. OECD (2015, 2019) құжаттарында әлеуметтік және эмоционалды дағдылардың еңбек нарығындағы табыстылықтың негізгі кепілі екені атап өтілсе [5, б. 23; 24], UNESCO (2015) ұлттық мәдени элементтерді оқыту процесіне енгізудің тәрбиелік мәнін баса көрсеткен [16, б. 42].

Осылайша, жүргізілген тәжірибе ұлттық ойындардың метадағдыларды дамытудағы педагогикалық әлеуетін айқын дәлелдеп берді.

Ал екінші жағынан алғанда 4-5 жастағы балалардың асық ойыны барысында қалыптастырылатын дене сапалары мен метадағдыларының өзара байланысы пәнаралық интеграция қағидасына негізделеді, яғни, дене даму процесінде когнитивтік және әлеуметтік дағдылардың қатар жетілуі жүреді. Атап айтқанда:

1. Ептілік баланың талдау және шешім қабылдау механизмдерін белсендіреді, сондықтан ол сыни тұрғыдан ойлау қабілетімен байланысты.

2. Төзімділік пен тепе-теңдік баланың ішкі эмоциялық тұрақтылығын қалыптастырып, өзін-өзі бақылау және эмоцияны басқару қабілеттерін жетілдіреді.

3. Координация мен жылдамдық бірлескен әрекет пен қарым-қатынас жағдайында ынтымақ-

тастық пен коммуникациялық дағдыларды дамытады.

Асық ойындары – тек ұлттық мәдениет элементі ғана емес, сонымен қатар педагогикалық тұрғыдан метадағдыларды кешенді дамыту құралы. 4-5 жастағы балалардың дене сапаларының жетілуі мен метадағдыларының қалыптасуы өзара өзектес жүреді және бұл үрдіс қозғалыс арқылы ойлану принципімен түсіндіріледі.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақтың ұлттық ойындарын мектепке дейінгі білім беру процесінде жүйелі қолдану 4–5 жастағы балалардың метадағдыларын дамытуда айтарлықтай тиімді екенін көрсетті.

Жүргізілген зерттеу бойынша жасалатын негізгі тұжырымдар:

1. Ұлттық ойындар – баланың танымдық, әлеуметтік және эмоциялық қабілеттерін кешенді дамытатын психологиялық-педагогикалық құрал.

2. Эмпирикалық зерттеу нәтижесінде эксперименттік топтағы балалардың сыни ойлау, коммуникация, ынтымақтастық және эмоцияны басқару қабілеттері айтарлықтай артты.

3. Ұлттық ойындарды қолдану балалардың тек метадағдыларын дамытып қана қоймай, ұлттық құндылықтарға деген құрметін қалыптастырды.

4. Зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми тұжырымдармен және отандық ғалымдардың көзқарастарымен сәйкес келеді.

Зерттеуге сәйкес жасалатын практикалық ұсыныстар:

– мектепке дейінгі білім беру бағдарламасына ұлттық ойындарды тұрақты түрде енгізу;

– ұлттық асық ойыны түрлерін таңдауда: қалыптастырылатын дене сапалары мен метадағды түрлерін, соған сәйкес қимыл-қозғалыс түрлерін назарға алу;

– балабақшаларда «ұлттық ойындар бұрышын» ұйымдастыру;

– ата-аналарды балаларымен бірге ұлттық ойындарға қатыстыру арқылы отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту;

– тәрбиешілерге арналған әдістемелік құралдарда ұлттық ойындардың метадағдыларды дамытудағы рөліне ерекше көңіл бөлу.

Осылайша, ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесіне енгізу балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететін, педагогикалық тұрғыдан негізделген тиімді әдіс болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М.: Педагогика, 1991. – 93 с.
- 2 Эльконин Д.Б. Психология игры. – М.: Педагогика, 1978. – 304 с.
- 3 Heckman J. Skill formation and the economics of investing in disadvantaged children //Science. – 2006. – Vol. 312(5782). – pp. 1900–1902.
- 4 Goleman D. Emotional Intelligence. – New York: Bantam Books, 1995. – 384 p.
- 5 OECD. Learning Compass 2030. – Paris: OECD Publishing, 2019. – 52 p.
- 6 Fullan M. Deep Learning: Engage the World Change the World. – Thousand Oaks: Corwin, 2018. – 216 p.
- 7 Pellegrino J.W.; Hilton, M. Education for Life and Work: Developing Transferable Knowledge and Skills. – Washington: National Academies Press, 2012. – 256 p.
- 8 Heckman J. Skill formation and the economics of investing in disadvantaged children //Science. – 2006. – Vol. 312(5782). – pp. 1900–1902.
- 9 Durlak J.A.; Weissberg, R.P. The Impact of Enhancing Students' Social and Emotional Learning // Child Development. – 2011. – Vol. 82(1). – pp. 405–432.
- 10 Айтпаева А. Қазақ халық ойындарының тәрбиелік мәні. – Алматы: Білім, 2010. – 210 б.
- 11 Әбдіразақова З. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындарды қолдану ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 180 б.
- 12 Ержанова Р. Бастауышта ұлттық ойындарды қолдану тәжірибесі. – Алматы: Білім, 2019. – 120 б.
- 13 Әбеуова Ш. Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мәні //Бастауыш мектеп. –2019. – №5. – Б. 25–28.
- 14 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998. – 350 б.
- 15 Нысанбаев Ә. Ұлттық құндылықтар және тәрбие. – Астана: Елорда, 2015. – 176 б.
- 16 UNESCO. Rethinking Education: Towards a Global Common Good? – Paris: UNESCO Publishing, 2015. – 85 p.
- 17 Табылдыев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2002. – 280 б.
- 18 Халимуллина М.М. Мектеп жасына дейінгі балаларға асық ойындарын үйретудің маңызы. – 2021. – 39 б. https://admin.bkgov.kz/sites_files/mektep-18bilim-oralgov.edu.kz/bilimsad/2021-22.pdf
- 19 Степаненкова Э.Я. Теория и воспитание физического развития ребенка. – М., 2006. – 171 с.
- 20 Нұриева Г. Ұлттық ойындардың баланың әлеуметтік дамуына ықпалы // Педагогика. – 2018. – №3. – Б. 44–49.
- 21 Nurieva G. National Games as a Means of Developing Social Skills //International Journal of Education. – 2020. – Vol. 8(2). – pp. 45–52.
- 22 Хайруллаева Р. Ұлттық ойындардың психологиялық ерекшеліктері. – Шымкент: ОҚМПУ, 2017. – 198 б.
- 23 Қоңырбаева Б. Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу. // Білім. – 2021. – №2. – Б. 56–62.
- 24 OECD. Skills for Social Progress: The Power of Social and Emotional Skills. – Paris: OECD Publishing, 2015. – 130 p.

References

- 1 Vygotskij L.S. Voobrazhenie i tvorchestvo v detskom vozraste. – М.: Pedagogika, 1991. – 93 s.
- 2 El'konin D.B. Psihologiya igry. – М.: Pedagogika, 1978. – 304 s.
- 3 Heckman J. Skill formation and the economics of investing in disadvantaged children //Science. – 2006. – Vol. 312(5782). – pp. 1900–1902.
- 4 Goleman D. Emotional Intelligence. – New York: Bantam Books, 1995. – 384 p.
- 5 OECD. Learning Compass 2030. – Paris: OECD Publishing, 2019. – 52 p.
- 6 Fullan M. Deep Learning: Engage the World Change the World. – Thousand Oaks: Corwin, 2018. – 216 p.
- 7 Pellegrino J.W.; Hilton, M. Education for Life and Work: Developing Transferable Knowledge and Skills. – Washington: National Academies Press, 2012. – 256 p.
- 8 Heckman J. Skill formation and the economics of investing in disadvantaged children //Science. – 2006. – Vol. 312(5782). – pp. 1900–1902.
- 9 Durlak J.A.; Weissberg, R.P. The Impact of Enhancing Students' Social and Emotional Learning // Child Development. – 2011. – Vol. 82(1). – pp. 405–432.
- 10 Айтпаева А. Қазақ халық ойындарының тәрбиелік мәні. – Алматы: Bilim, 2010. – 210 б.
- 11 Әбдіразақова З. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындарды қолдану ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 180 б.
- 12 Erzhanova R. Bastauyshta ұлттық ойындарды қолдану тәжірибесі. – Алматы: Bilim, 2019. – 120 б.
- 13 Әбеуова Ш. Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мәні //Бастауыш мектеп. –2019. – №5. – Б. 25–28.
- 14 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Rauan, 1998. – 350 б.
- 15 Nysanbaev Ә. Ұлттық құндылықтар және тәрбие. – Астана: Elorda, 2015. – 176 б.
- 16 UNESCO. Rethinking Education: Towards a Global Common Good? – Paris: UNESCO Publishing, 2015. – 85 p.
- 17 Tabylidiev Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Sanat, 2002. – 280 б.
- 18 Halimullina M.M. Mektep zhasyna dejingi balalarға асық ойындарын үйретудің маңызы. – 2021. – 39 б. https://admin.bkgov.kz/sites_files/mektep-18bilim-oralgov.edu.kz/bilimsad/2021-22.pdf
- 19 Stepanenkova E.YA. Teoriya i vospitanie fizicheskogo razvitiya rebenka. – М., 2006. – 171 s.
- 20 Нұриева Г. Ұлттық ойындардың баланың әлеуметтік дамуына ықпалы // Pedagogika. – 2018. – №3. – Б. 44–49.
- 21 Nurieva G. National Games as a Means of Developing Social Skills //International Journal of Education. – 2020. – Vol. 8(2). – pp. 45–52.
- 22 Hajrullaeva R. Ұлттық ойындардың психологиялық ерекшеліктері. – Шымкент: ОҚМПУ, 2017. – 198 б.
- 23 Қоңырбаева Б. Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу. // Bilim. – 2021. – №2. – Б. 56–62.
- 24 OECD. Skills for Social Progress: The Power of Social and Emotional Skills. – Paris: OECD Publishing, 2015. – 130 p.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ // ИНФОРМАЦИЯ ОБ АВТОРАХ // INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

«Первый автор»

Омарбекова Фарида Қызырхановна – PhD докторант 2-курса, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан.

«Бірінші автор»

Омарбекова Фарида Қызырханқызы – 2-курс PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

«The First Author»

Omarbekova Farida – PhD 2nd year doctoral student, Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

e-mail: omarbekovafarida@mail.ru

Княкбаева Улбосын Қозыбаевна – кандидат педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан.

Княкбаева Ұлбосын Қозыбайқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Кыуакбаева Улбосын – Candidate of Pedagogical Sciences, professor, Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: kyakbayeva@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-5579-9788>

Ортаев Бактияр Тұрсынбаевич – доктор педагогических наук, доцент, Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Казахстан.

Ортаев Бактияр Тұрсынбайұлы – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

Ortaev Baktiyar – Doctor of Pedagogical Sciences, docent, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan.

e-mail: b.ortaev@iuth.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5277-9736>

«Автор для корреспонденции»

Алимбекова Сабира Шерехановна – кандидат педагогических наук, Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Казахстан.

«Хат-хабарларға арналған автор»

Алимбекова Сабира Шереханқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

«The Author for Correspondence»

Alimbekova Sabira – Candidate of Pedagogical Sciences, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan.

e-mail: alimbekovasabira@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5054-2667>

Мақала түскен күні: 08.10.2025

Мақала басылымға қабылданған күні: 23.10.2025